

Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің жекелеген мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 29 қараша N 1807

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының құрылымын жетілдіру және олардың құзыретін нақтылау жөніндегі шаралар туралы" 1999 жылғы 13 қазандағы N 235 U990235_ Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. <*>

ЕСКЕРТУ. 1-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2001.01.25. N 133 қаулысымен.

P010133_

2. "Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 657

P990657_

қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1999 ж., N 22, 224-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

- 1) 1-тармақтың күші жойылды деп танылсын;
- 2) 2-тармақ мынадай мазмұндағы 7) және 8) тармақшалармен

толықтырылсын:

- "7) Атом энергетикасы жөніндегі комитет;
- 8) Аэроғарыш комитеті";

3. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

- 1) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы; 27 мамырдағы N 657

қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 13 шілдедегі N 968 P990968_ қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, N 1999 ж., N 34, 305-құжат);

- 2) "Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда

министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитетінің мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 тамыздағы N 1268

P991268_

қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., N 43, 293-құжат) 5-тармағының 2) тармақшасы.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.